

Важными направлениями развития инновационного предпринимательства на ближайшую перспективу станет создание системы подготовки и переподготовки кадров в области инновационного предпринимательства, включающей в себя как вузовское, так и послевузовское обучение, в том числе и за рубежом, а также, кратковременные курсы, семинары, круглые столы для повышения квалификации уже действующих менеджеров с участием государства в финансировании таких программ.

В рамках реализации Программы Министерством образования и науки, Министерством индустрии и торговли и НИФ совместно с ведущими зарубежными бизнес - школами и ведущими казахстанскими ВУЗами будет разработана учебная программа по подготовке управленческих кадров по специальности "Инновационный менеджмент".

Также будут открыты учебные центры при технопарках, целью деятельности которых станет проведение кратко- и среднесрочных программ по теории и практики менеджмента инноваций для инновационных предпринимателей, сотрудников инфраструктурных организаций, менеджеров промышленных предприятий.

### Литература

1. Стратегия индустриально- инновационного развития Республики Казахстан до 2015 г. (Утверждена Указом Президента Республики Казахстан, № 1096 от 17.05.2003 г.)
2. Баймуратов У. "Инвестиции и инновации: нелинейный синтез". - Алматы: БИС, 2005. -320с.
3. Муканова А. Основные тенденции инновационного (научно-технического) развития Казахстана // Транзитная экономика. - № 5-6, 2006 г., с. 42-47
4. Оспанов Б. Инновации как направление государственной стратегии развития в Республике Казахстан // Саясат.- №2, 2005 г., с. 17-21
5. Рамазанов С. Инновационная модель развития национальной экономики //Панорама. - 2005, 31 января

\*\*\*

Ұсынылған статьяда компанияда инновациялық жүйені құру мақсаты және компанияда инновациялық жүйенің атқаратын функциясы қарастырылған. Сонымен қатар, инновациялық жүйенің табыстылығын камсыздандыратын факторлар және инновацияны ынталандыру шаралары қарастырылған.

\*\*\*

In given article the purpose of creation of innovative system and function of innovative system in the company is considered. Also are considered, the factors providing success of innovative system and methods of stimulation of innovative activity of company.

***Б.Т. Бакирбаев***

## **АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Алғашқы азық-түлік қауіпсіздігі туралы жағдай 1948 жылы қабылданған «Адам құқығының жалпылама декларациясында» алғаш рет қарастырылды. Ал «азық-түлік қауіпсіздігі» термині алғаш рет 1973 жылғы дағдарыстан кейін 1974 жылы қабылданған «Аштық пен ашығуды жоюдың жалпылама декларациясында» бекітілді.

Алғашқы кезде бұл дамушы елдерде аштықты жою мен әлемдік азық-түлік қорын дамушы елдер мүддесіне қарай бөлу мәселесімен шұғылданды. Қазіргі кезде бүкіләлемдік жаһанданудың нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігі әлемнің дамушы елдеріне де, дамыған алпауыт елдеріне де ортақ мәселе болып отыр.

Қазақстанда ұлттық қауіпсіздік туралы түсінік және оны қалыптастыру мен дамытып негіздеу, тәуелсіздік алғаннан бастап қолға алына басталды. Бұл туралы негізгі қадамдардың біріне 1998жылғы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздігі туралы» заңын

жатқызамыз. Бұл заң аясында Ұлттық Қауіпсіздік деңгейін жеткілікті дәрежеге дейін көтеру үшін көптеген іс-шараларды жүргізуіміз қажет болатын. Бұл заң бойынша Ұлттық Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, Ұлттық мүддені ескеру оның потенциалдық мүмкіндіктерін дұрыс бағалау, әр-түрлі ішкі және сыртқы қажеттіліктер мен қайшылыққа келмеу және әлемдік тенденциялар мен бірігіп қозғалу негізделген. Мұндай көзқарас Қазақстандық ғалымдардың барлығында дерлік пікірлер мен белгілі бір үйлесімділіктер тапты.

Осы бағытта негізгі жұмыс жүргізетін халықаралық ұйым болып ФАО (Food agricultun organization) табылады. Бұл ұйым әлемдегі азық-түлік қорының динамикасын әлемдік астық нарығы тұрақтылығын талдайтын саммиттерді тұрақты өткізіп тұрады. Қазіргі кезде осындай халықаралық ұйымдардың саны 35-тен асып отыр.

Бұл бағыттағы жұмыстардың жедел жүргізілуіне 80-жылдардың басындағы АҚШ-тың КСРО-ға «азық-түлік қаруын» алғаш рет саяси жағдай үшін қолдануы себеп болды.

ФАО - 1945 жылы БҰҰ негізінде құрылған ауыл шаруашылығы мен азық-түлік сұрақтарымен айналысатын құрылым. Осы ФАО негізінде 1996 жылы Бүкілдүниежүзілік азық-түлік саммиті 185 елдің қатысумен өткізілді. Саммит негізінде азық-түлік қауіпсіздігі бойынша Рим декларациясы және Дүниежүзілік азық-түлік саммитінің әрекет жоспары қабылданды.

Осы Рим декларациясы негізінде қатысушы мемлекеттер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан жағдай жасауға уағдаласты. Осы саммитте бірақ қатысушылар азық-түліктің ішкі өндірісі мен сырттан әкелінетін бөлігінің ара қатынасы туралы келісімге келе алмады. Экономикалық теория ілімі бойынша егер мемлекет аграрлық болып саналса да және өзінде өндіру біршама қымбат болса, онда сол азық-түлікті арзан елдерден импорттаған тиімді. Қаражатты тиімсіз қымбат салаға жұмсағаннан, басқа пайдалы салаларға жұмсаған тиімді деп есептеледі.

Азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі көрсеткіштердің кең аралығымен қамтылуы және дамуы мүмкін. Алғашқы кезеңде ол халықтың орташа жан басына шаққандағы табысы, азық-түліктік бидайдың келесі жылға өтіп отыратын қалдығымен (алғашқыда, жылдық бидайды тұтынудың 20% -делінсе, кейін 16% болды). Қазіргі кезде бұл критерилер көптеген түрлермен толықтырылған.

Азық-түлік қауіпсіздігінің халыққа қол жетімділігі негізгі үш көрсеткішпен жалпылама қарастырылады:

1. Физикалық қол жетімділік – бұл белгілі бір кезеңде мемлекеттің барлық аймағында азық-түліктің белгілі бір көлемінің болуы;
2. Экономикалық қол жетімділік - бұл тұрғындардың орналасқан жері мен әлеуметтік статусына қарамай азық-түлікті минималды деңгейден жоғары көлемде сатып ала алуы.
3. Тұтынылатын азық-түліктердің қауіпсіздігі. Бұл халықтың денсаулығына зиянсыз сапалы азық-түліктің жеткілікті деңгейінде болуы.

Қазір әлемде, оның ішінде дамушы елдерде 1млрд-қа жуық халық жеткілікті дәрежеде тамақтанбайды. Әлемдегі өндірілетін азық-түліктің 50%-ға жуығын дамыған елдер тұтынады. Бұл барлық әлем халықтарының 1/5- бөлігін ғана құрайтын топ.

Рим конференциясының материалдары бойынша азық-түлік мәселелерін ғаламдық дәрежеде шешу үшін, алдағы 10-20 жылда азық-түлік өнімдерін өндіруді минимум 75%-ке көбейтуіміз керек. Осы үрдіске Қазақстанда өз үлесін қосатын болса, тек ғана өзінің азық-түлік қауіпсіздігін шешіп қана қоймай, көптеген жаңа экономикалық тиімді салаларды игеруіне жол ашатын еді. Бұл мәселені шешу әлемдік деңгейде де, Қазақстан үшін де өте күрделі және көптеген қордаланған мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Азық-түлік мәселесін шешетін негізгі сала ауыл шаруашылығы болғандықтан, бұл салаға жаңаша көзқараспен қарауымыз қажет. Ауыл шаруашылық саласы өндірістік салаға қарағанда біршама консервативті болып есептеледі. Сондықтан бұл салаға қаржы тарту, экономикалық ресурстардың белсенді бөлігін жұмылдыру біршама күрделі. Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін қарастырғанда, тағы бір ескеретін жағдай, ол әр мемлекеттің немесе халықтардың тамақтану ерекшелігіне назар аудару.

Ол үш көрсеткішпен негізделеді:

1. Ғылыми негізделген минималды тұтыну көлемі;
2. Ғылыми ұсынылатын қажетті мөлшер;
3. Нақты тұтынылып жатқан қазіргі мөлшер;

Шығыс Азия халықтарында теңіз өнімдері мен көкөніс мөлшері көп тұтынылса, Қазақстанда және қазақ халқында калориясы жоғары ет өнімдері мен сүт өнімдерінің үлесі тарихи тұрғыдан жоғары болған. Сондықтан бүкіл әлемге ортақ азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін белгілеу өте қиын және әр аймақтың, халықтың ерекшеліктерін басты назарда ұстауымыз қажет.

Азық-түлік қауіпсіздігі әртүрлі құрылымдық факторлар бойынша қамтамасыз етілуі керек. Оларға:

1. Географиялық фактор бойынша Қазақстанның аймақтары бойынша азық-түлікпен біркелкі қамтамасыз етілуін қарастыру. Солтүстік аймақтарда бау-бақша өнімдерінің жеткіліксіздігінен және бағасының шамадан тыс қымбаттауынан өте аз мөлшерде тұтынылуы мүмкін. Ал далалы-шөлейтті аймақтағы тұрғындар балық өнімдерін мүлдем аз тұтынуы мүмкін;

2. Демографиялық фактор бойынша, халықтың жас мөлшеріне байланысты азық-түлікпен қажетті мөлшерде қамтылуы, жас балалар дәрумендерге бай көкөніс пен сүт өнімдерін көп пайдаланса, орта жастағылар калориялық өнімдерді көп тұтынады.

3. Экономикалық фактор азық-түлік өнімдерін сатып алуға қабілеттілігін қарастырады. Кейбір зерттеулер көрсеткендей азық-түлік өнімдерін жеткілікті дәрежеде болғанымен кейбір экономикалық топтар, төлем қабілетінің болмауынан ол өнімдерді тұтынбайды.

4. Құқықтық саяси факторлар тұрғысынан халықтың барлық азаматтарына заңдық тұрғыдан минималды деңгейдегі азық-түлік өнімдеріне деген қол жетімділіктерге кепілдіктің берілуі. Бұл әсіресе кәмелетке толмаған жас балалар мен әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын топтар үшін қатаң сақталуы қажет. Осы тұрғыдан Үндістан азық-түлік тауарларының негізгі түрлері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылуда.

Ауылшаруашылығы саласына және өнімдеріне мемлекет тұрғысынан көмек, яғни дотация беру, әр мемлекетте әр түрлі шешіледі және көлемі же түрліше деңгейде көрсетіледі. Мысалы: АҚШ-та 100млрд –қа жуық, Жапонияда – 90 млрд, Еуроодақта – 134 млрд қа жуық, тіпті Финляндия мен Норвегияда 4 млрд-қа жуық дотация қарастырылған.

Қазіргі кезде әлемдік экономикалық әдебиеттерде азық-түлік қауіпсіздігінің бірнеше кезеңдерін қарастырады. Оларды өсу сатылары арқылы қарастырсақ, жеке тұлғалық, аймақтық, ұлттық және әлемдік деп қарастырамыз. Ұлттық немесе мемлекеттік қауіпсіздікті осылардың толықтай жиынтығы ретінде қарастырсақ болады.

Азық-түлік қауіпсіздігі түсінігі негізінен аштық мен халықтың жеткілікті тамақтанбауы мәселесіне негізделеді. Қазақстан жағдайында азық-түлік жағдайы келесі қағидаларға негізделеді:

- қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- адамның бірінші реттік қажеттілігі болатын тағаммен қамтамасыз ету;
- импорттық қамтамасыз етуге тәуелділікті жою;
- отандық азық-түлік өндірісін дамыту;
- экспорт және импорт құрылымын теңестіру;
- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін резервтік қор құру т.б.

Нақты өмірде кез келген мемлекет ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің болғанына мүдделі және импортқа тәуелділіктің көптеген мәселелер туындататынын жақсы түсінеді. Соңғы кездердегі әлемнің көптеген елдерінде белең алған азық-түлік дағдарысы осы импортқа көп иек артқандықтан болды. Әлемдік нарықтағы бағаның өсуі мен негізгі экспорттаушы елдердегі инфляция деңгейі тікелей осы импортқа тәуелді мемлекеттерге толықтай берілді. Соның нәтижесінде бұл елдерде инфляция деңгейі біршама өсті және бағаның өсуінен, азық-түлікті халықтың табысы аз бөлігі жеткілікті дәрежеде тұтына алмай қалды.

Импорттық өнімдерге сену келесі жағымсыз жағдайға алып келеді:

- әлемдік нарық азық-түлік өнімімен қысқа кезеңде, тіпті, орта кезеңде жеткілікті қамтамасыз етілмеуі мүмкін. Соңғы кезде азық-түлік шикізатын биоотын өндіруге пайдалану өсіп отырғандықтан бұл мәселе жақын арада өте өткір тұр. Яғни, өнім көлемінің жетіспеушілігі ұзақ уақыт туындауы мүмкін;

- экономикалық тұрғыдан күшті мемлекеттер азық-түлік қорының үлкен бөлігін сатып алуы мүмкін. Бұл әлсіз елдердің мүмкіндігін біршама шектейді. Соңғы кездері негізгі биржалық азық-түлік тауарларына бос қаржы алыпсатар капиталдың көптеп салынуы осы өнімдердің бағасының тарихи рекордтарын жаңартуына алып келді;

- ауыл шаруашылығы саудасы тұрақсыз көп елдер өнімнің аз ғана бөлігін экспорттайды. Кей өнім түрлері бойынша экспорттаушы елдер бірнеше ғана болып келеді.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де болып келеді. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие. Қазақстанның әр түрлі климаттық жағдайлары қоңыржай жылы белдікте барлық дерлік дақылдарды өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Азық-түлік қауіпсіздігін отандық өніммен қамтамасыз етудегі қиындықтың негізгілеріне агроөнеркәсіп саласының төмен тиімділігі, экономикалық өсімнің баяулауы, ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығы немесе тиімсіздігі, төлем балансының нашарлауы т.б. жатады.

Ауыл шаруашылығы саласының тиімділігі негізінен ондағы еңбек өнімділігіне, өнімнің сапасына, өзіндік құнына, саланың табыстылығына және саланың техника және технологиямен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Себебі, ауыл шаруашылығы белгілі бір тиімділік пен табыстылыққа қол жеткізе алмаса, бұл салаға инвестор мен капитал тарту біршама қиындық туғызады. Ал капитал тек жалаң ұран емес белгілі бір пайда деңгейін қажет етеді. Тек мемлекеттің жұмсаған күш-қаражаты табыстылық пен тиімділік болмаса ұзаққа бармайды және жеткілікті нәтиже көрсетпейді.

#### Әдебиеттер

1. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы
2. Итоги первой национальной сельскохозяйственной переписи 2006-2007 гг. Агентство Республики Казахстан по статистике, Астана, 2008
3. Программа развития сельскохозяйственного производства на 2000-2002 годы. Республиканское совещание работников агропромышленного комплекса (8 февраля 2000 г., г.Астана). // Панорама № 6.- 11 февраля 2000 г.
4. М. Н. Малыш. // Аграрная экономика. Учебник. Санкт-Петербург 2002 г.
5. Сейтбеков Л.С. Приоритеты научно-технической политики АПК Казахстана. // Вестник с-х науки Казахстана №10.-2003 г.
6. А.К.Күрішбаев. Қазақстан Республикасындағы астық өндірісінің жай-күйі және проблемалары.//Жаршы 2003 ж №11.
7. Гиззатова А.И. Дифференциация регионов Казахстана по уровню безопасности продовольственными ресурсами.-М.: НИИЭСХ, 2002 г.

\*\*\*

Дается понятие основам продовольственной безопасности. Анализируется сущность продовольственной безопасности как составной части экономической и в целом национальной безопасности страны. Обосновывается необходимость практического применения в системе планирования и прогнозирования АПК индикаторов продовольственной безопасности и их пороговых значений, предлагается пути по обеспечению собственным продовольствием и повышение эффективности.

\*\*\*

The essence of food safety as component economic and as a whole national safety of the country is analyzed. Necessity of practical application for system of planning and forecasting of agrarian and industrial complex of indicators of food safety and their threshold values is proved, it is offered to a way on maintenance with own foodstuffs.